

# Еңбегі ерен тұлға

**Әлемдік Шыңғысхан Халықаралық академиясының академигі, Абылайхан атындағы алтын медаль иегері, «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, «Үздік өлкетанушы», «Арқалық қаласының құрметті азаматы», ою өнерінің шебері Шөптібай Байділдин туралы бір үзік сыр.**

«Ою ойған сызу да сызды» деген халық мақалы бар. Өнердің қайнары халықта екені ақиқат. Ою-өрнек өнері қазақ халқында ертеден-ақ өнердің барлық түріне арқау болып ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, материалдық және рухани игілігіне айналып келеді. Бүгінде халқымыздың мәдени асыл қазынасының өзекті бір саласына айналған ою-өрнек қайта түлеп, бай мазмұнға, жаңа түрге ие бола бастады.

Арқада, анығы Торғай даласында да тамаша талантымен тәнті еткен, облысымызда қазақтың осы бір ұлттық қолөнерін қаз-қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан, халық арасынан шыққан суретші, оюшы әрі шебер жерлесіміз Шөптібай Байділдин.

Оюшы қолөнер шебері Шөптібай Байділдин 1946 жылы 14 тамызда қазақ топырағындағы ерекше тектілігімен танылған киелі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Көкалат ауылы,

жолын құды. Есімдері суретші ретінде көпке танымал.




Әкесі Байділда Омарұлы Ұлы Жыланшық бойында 1893-1973 жылдары өмір сүрген. Оқымаған, турашыл, әділ, шындыққа тура қарайтын ауыз әдебиетін, ескі әңгімелерді, шежірені жетік білетін кісі. Ауызша есепке өте жүйрік кісі болған. Анасы Жанкөз Көшкінбайқызы 1915-2005 жылдар арасында өмір сүріп, тоқсан жасында дүниеден өткен.

Шөптібай Байділдин Әлемдік Шыңғысхан Академиясының Құрметті Академигі. Абылайхан атындағы халықаралық конференцияның «Алтын медалінің» және «Қазына сыйлығының» екі мәрте иегері, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгісімен марапатталған. «Арқалық қаласының құрметті» азаматы, оюшы



берлік бұйымдар көрнекті орын алды. Ердің бабы, елдің бағы сынға түскен сайыста- спорт саңлақтарына, Америкадағы олимпиада меймандарына бай мәдениеті мыңдаған жылдардан тамыр алатын Қазақ деген ұлттың бар екенін өнер тілімен танытты, тамсандырды. Өнердің тілі ортақ тіл, ұлан байтақ қазақтың картасындағы шағын ауыл Құмкешудің бір тұрғыны солайша, «өткірдің жүзі, кестенің бізі» арқылы өз халқын әмбеге паш етті.

Шөптібай Байділдиннің қолөнер шеберлігін республикамыздың таңдаулы суретшілері мойындап



жылы Астана қаласында Қостанай облысы күндерінде, 2010 жылдан бері Астана мектептерінде көрме қойып келеді. Онда келушілердің дүниетанымдарын кеңей-

теп, жинақтап «Мұхиттан өткен қайық» атты кітап жазды. Кітап Астана қаласының «Фолиант» баспасынан 2011жылы 500 данамен шықты. «Кейкі батыр»

қазіргі Айсә Нұрманов атындағы ауылында туған. Қазір ел ағасы, қолөнерінің көрігін басқан, көнеден қалған көрікті өнердің ұстазы.

Ол көп жылдардан бері Арқалық қаласында тұрады. Жоғары білімді. Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Әкім, партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкері болған. Қазақстан Компартиясының XIX съезінің, Социалистік партияның XX съезінің делегаты, Орталық Комитетінің Пленум мүшесі болған. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында мұражай қызметкері және ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған.

Зейнеткер Шөптібай Байділдаұлы- бақытты жан. Жұбайы Әзиза Нұржанова кезінде совхоз комсомол комитетінің хатшысы болған. Ақындар айтысына қатысып, өз өнерін паш еткен сұлу қызға көзі түскен ағамыз жылдан аса уақыт сыйластықта болып, отбасын құрады. Олар алты ұл, екі қыздың ардақты әкесі мен шешесі атанды. Осы перзенттерінен жиырмадан астам немере сүйді. Шөберелерінің алақанынан су ішкен бақытты ата. Шоқан, Ержан есімді ұлдары да әке

қолөнер шебері. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің «Үздік өлкетанушы» төсбелгісімен марапатталған. «Мәртебелі Сұлтан» лауазымына ие, аға лейтенант, Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Құрметті профессоры.

Шөптібай сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Оюшы, қолөнер шебері, ағаштан түйін түйеді. Шөптібай сурет салу, ағаш жону, темір, күміс соғу сияқты өнер түрлерін, яғни, ұсталық, зергерлікті жақсы меңгерген. Сонымен бірге өзі қолданатын заттардың (қайыс, тері, ағаш, ши, сүйек, металл түрлері) қасиеті мен оны қалай қолданудың сырын да, әдіс-тәсілдерін де біліп, танып, жетілдіріп барып іске асырады. Шөптібай Байділдин 40 жылдан аса ою-өрнек жасаумен айналысады. 2,5 мыңнан аса ою-өрнектің жаңа түрлерін жасап, оны зияткерлік мекемесінде авторлық құқықпен заңдастырған. Ою-өрнектері

1992 жылы Түркияда өткен Әлем жарыстарының фестивалінде, 1996 жылы Америкада өткен Атланта Олимпиадасында қойылған. Мақтанарлық жай. Қазақ елі жайған көрмеде мен сөз етіп отырған кейіпкер жасаған ою-өрнек, ше-

бері суретшілер жанында отыр. Соның нәтижесінде оның «Қазақтың ою-өрнектері» атты тұңғыш ою-өрнек кітабы Алматы қаласындағы республикалық «Өнер» баспасынан мемлекеттік арнайы тапсырыспен 2000 дана кітап болып 2006 жылы үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) жарыққа шықты. Бұл кітап-Шөкеңнің шеберлігін өз елімізге, ТМД-ға және шетелдерге танытатын тұлғалы туынды. Қазақ ұлтының ою-өрнегін, қолөнерін әлемге айғақтауға қызмет ететін ерекше еңбек.

1980 жылдан бері, «Ал-тайдан Атырауға» дейін, «Бойтұмар», «Қазына», «Шебердің қолы ортақ», «Оюшы», «Ұлттық оюды ардақтаған», «Ою ой, өрнек сал», «Оюмен ой айтқан еліміз», «Оюмен ой түйген» т.б. көптеген телехабарларға түскен. «Евразия-1», «Хабар», «Қазақстан», «КТК», «СТВ», «31-канал», «Алау», «Қостанай тв», «Арқа-дидары», т.б. телестудиялар оюларын насихаттап келеді.

Ою-өрнектерінің көрмесі Алматыда, Таразда, Түркістанда, Ақтөбеде, Қостанайда, Қарағандыда, Жезқазғанда және Астана қаласында бірнеше рет халық назарына ұсынылды. 2009 жылы тұңғыш Президент мұражайында, 2013

туге игі әсерін тигізді. Өзі Арқалық секілді болашағы жарқын қалада ғұмыр кешіп жатса да, тынымсыз ізденісі, еңбекқорлығының арқасында есімі елімізге танылды. Бұл – үлкен шаһарларда тұрмай-ақ, дарының арқасында өз ұлтының мақтанышына айналуға әбден болатындығының айқын дәлелі. 2015 жылы 1-2 қазан күндері Ақтөбе қаласында өткен «Ұлы дала нақыштары» атты Халықаралық көрмеге қатысып, (ою өрнекпен) сертификат алды.

2017 жылы ЭКСПО-2017 көрмесі аясында этно-ауылда, 2018 жылы ұлттық әскери тарихи мұражайда көрмелері қойылды.

«Қостанай облысы, Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты-бағдар тізбесі» кітабының қазақша мәтінінің авторы. Қостанай баспасы. 2011 жыл.

«Құпия сырлы өлке-Арқалық» атты кітаптың қазақша мәтінінің авторы. Қостанай баспасы. 2013 жыл.

«Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым» атты әдеби-танымдық кітабы. Екібастұз баспасы. 2011ж. 500 данамен шықты.

Кеңестік заманда 40 жылға сотталған Әлшорин Шменбайдың түрмеде жазған еңбектерін зерт-

атты тарихи-зерттеу кітабы Астана қаласындағы «Сары-Арқа» баспасынан 2014 жылы 500 данамен шықты.

2017 жылдың қазан айында «Қазақ фильм» түсірген «Кейкі батыр» атты деректі фильмге түсті, әрі кеңесші болды. Ш.Байділдиннің «Кейкі батыр» кітабының желісімен 16 сериялы «Кейкі мерген» көркем фильмі түсірілді, әрі сол фильмге кеңесші болды. 2018 жылдың 13 желтоқсанында «Кейкі мерген» көркем фильмінің тұсаукесері өтті, кино көрерменге жол тартты.

Шөптібай Байділдаұлы-кешегі Қайыпханнан қалған жұрнақ, төре тұқымы.

«Төренің» төрге лайық текті ұланы, Бір сүйем биік тұрар шоқтығы әлі.

Мен оны көрген сайын құшақ жайып,

Қуанып «Аға!» дегім, кеп тұрады-деп жерлес ақын ағамыз Молдатай Жапарұлы жырлағандай, Шөптібай ағамыз «Отты үрлеген жағалды» деген халық нақылына сай, бойындағы жалын мен жанарындағы от әулиеден дарыған азамат болар тері!

Сағидолла БАЙТЕНЖИН,  
Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің басшысы